

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ  
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



*№ 1(21) қаңтар-наурыз 2020*  
**ISSN 2710-3994**



**Бас редактор:**  
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)

Аязан Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)

Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Голден Кэти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)

Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)

Римантас Желвис (Želvy Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәтмашұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

**Жауапты редактор:**  
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

**Ғылыми редактор:**  
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

**Редактор:**  
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

**Жауапты хатшы:**  
Қоңқабаева Арайлым

**Техникалық хатшы:**  
Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**  
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**

- Абашиин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)
- Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)
- Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)
- Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)
- Абиля Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)
- Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)
- Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)
- Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)
- Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)
- Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)
- Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)
- Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)
- Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)
- Кумекоев Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)
- Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)
- Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)
- Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)
- Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)
- Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)
- Таймагамбетов Жакен Кожажметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

**Ответственный редактор:**  
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

**Научный редактор:**  
Козыбаева Махаббат Маликовна

**Редактор:**

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

**Ответственный секретарь:**  
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

**Технический секретарь:**  
Хумарзах Алтынбек

**Editor-In-Chief:**

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

- Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*
- Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*
- Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*
- Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*
- Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*
- Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*
- Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*
- Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*
- Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*
- Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*
- Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*
- Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*
- Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*
- Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*
- Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*
- Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*
- Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*
- Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*
- Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*
- Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*
- Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*
- Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*
- Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

**Scientific Editor:**

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Editor:**

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

**Executive Secretary**

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

**Technical secretary:**

Khumarzak Altynbek

FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20.

**ШУ ӨңІРІНДЕГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТӨРТКҮЛДЕРДІҢ СТРАТИГРАФИЯСЫ (X-XII ғғ.)****Ақымбек Е.Ш.<sup>1</sup>, Шағырбаев М.С.<sup>2</sup>**<sup>1</sup>Ph.D. А.Х. Марғұлан ат. Археология институтының жетекші ғылыми қызметкері, Қазақстан, Алматы қ.<sup>2</sup>А.Х. Марғұлан ат. Археология институтының ғылыми қызметкері, Қазақстан, Алматы қ.

**Аңдатпа.** *Kіріспе.* Мақалада Шу өңіріндегі ортағасырлық төрткүлдердің стратиграфиясы қарастырылады. Төрткүлдерге жүргізілген шурф (7) және траншея (6) қазба жұмыстары бойынша мәдени қабаттары мен қорғаныс қабырғасының құрылысына талдаулар жасалады. Салыстырмалы түрде Шу өңірінен басқа, Іле мен Талас алқаптары, Сырдария бойы, Алакөл маңы, Бетпақдала, Қаратау баурайы, Тыва жері және Дон өзені аймақтарында кездесетін төрткүл типтес ескерткіштердің стратиграфиясына шолу жасалады. Зерттеу жұмысы көрсетіп отырғандай, төрткүлдердің мәдени қабаты орналасқан жеріне және атқарған қызметіне байланысты біршама ауытқуларға ие болғанымен, жалпы ұқсас болып келеді. Төрткүлдердің басым бөлігі бір құрылыс кезеңінен тұрады. Сирек жағдайда, оның ішінде үлкен қалалардың маңайына топтасқан және керуен жолдарының бойында орналасқан төрткүлдерде екі құрылыс кезеңі кездеседі. Құрылыс материалдарының негізін пақса блоктары және шикі кірпіш құрайды.

**Түйін сөздер:** стратиграфия, мәдени қабат, қорғаныс қабырға, шурф, траншея, қазба., төрткүл, Жетісу, Шу өңірі

**СТРАТИГРАФИЯ СРЕДНЕВЕКОВЫХ ТОРТКУЛИ В ШУЙСКОМ ДОЛИНЕ (X-XII вв.)****Ақымбек Е.Ш.<sup>1</sup>, Шағырбаев М.С.<sup>2</sup>**<sup>1</sup>Ph.D. Ведущий научный сотрудник Института археологии им. А.Х. Маргулана. Казахстан, г. Алматы.<sup>2</sup>Научный сотрудник Института археологии им. А.Х. Маргулана Казахстан, г. Алматы.

**Аннотация.** *Введение.* В статье рассматриваются материалы по стратиграфии средневековых торткулей, расположенных в Шуйской долине. По раскопкам шурфа (7) и траншеи (6) на Торткуле проводится анализ стратиграфии культурных слоев и хронологии строительства крепостных стен. Кроме торткулей Шуйской долины, проводится сравнительный обзор стратиграфии памятников типа «торткуль», встречающихся в Илийской и Таласской долинах, Присырдарьинском и Приалакульском регионах, Бетпакдале, у подножия Каратау, территории Тывы и Придонья. Исследовательская работа показала, что культурные слои торткулей, несмотря на значительные отклонения в зависимости от своего региона и функций, в целом аналогична. Большая часть руин торткулей образована одним строительным горизонтом. В редких случаях, главным образом, это прослеживается на торткулях, построенных рядом с крупными городами, а также, расположенными вдоль оживленных караванных дорог, встречается два строительного горизонта. Основу строительных материалов составляют пахсовые блоки и сырцовый кирпич.

**Ключевые слова:** Шуйская долина, Жетісу, торткуль, стратиграфия, культурный слой, оборонительная стена, шурф, траншея, раскопки.

## THE STRATIGRAPHY OF MEDIEVAL TORTKULS IN SHU VALLEY (X-XII cc.)

Akymbek E.Sh.<sup>1</sup>, Shagirbaev M.S.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Ph.D. Leading Researcher of the A.Kh. Margulan Institute of Archaeology. Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>Researcher of the A.Kh. Margulan Institute of Archaeology, Kazakhstan, Almaty

**Abstract. Introduction.** The article examines stratigraphy of cultural layer materials of medieval tortkuls (ruins of square constructions) located in the Shu Valley. According to excavations of the shurf (7) and the trench (6) on the Tortkul site, the analysis of stratigraphy of cultural layers and chronology of construction of fortress walls is carried out. In addition to the tortkul type sites in the Shu Valley, a comparative review of the stratigraphy of «tortkul» type sites found in the Ily and Talas River valleys, Syrdarya River and Alakul Lake regions, Betpakdala, at the foot of Karatau Range, also the territory of Tyva and Don River region is carried out. Research has shown that the cultural layers of tortkul, despite significant deviations depending on their region and functions, are generally similar. Most of the ruins of the tortkuls are formed by a single construction horizon. In rare cases, mainly this can be traced to tortkuls built alongside major cities and also located along busy caravan roads, two building horizons are found. Building materials are based on big clay blocks and adobe brick.

**Keywords:** Zhetysay, Shu Valley, tortkul, stratigraphy, cultural layer, defensive wall, shurf, trench, excavations.

### Кіріспе

Қазақстанның ұланғайыр кеңістігінде дала өркениетін құраған халықтардың қалалық мәдениеті өркен жайғанын, орта ғасырларда түрлі көлемдегі ескерткіштердің Ұлы Жібек жолының ірі тармақтарының бойына шоғырланып орналасуынан көруге болады. Олардың қатарында ұзын қорғанды қалалар, қалалар, бекіністі керуен сарайлар, қоныстар және тағы басқа да ескерткіштермен қатар пішіні төртбұрышты келген, қабырғалары немесе бұрыштары әлемнің төрт тарабына қараған, қабырғаларының бойында және бұрыштарында мұнаралары бар төрткүлдер де кездеседі. Қазақстан территориясында төрткүлдердің көп орналасқан аймақтарының бірі – Шу өңірі болып табылады. Шу өзенінің бойы және оған сол жағынан келіп құятын үлкен өзендер: Сарғау, Ақсу, Қарабалта, Қарақатты (Қорағаты) өзендерінің бойы мен олардың сағаларының алқабындағы төрткүлдер белгілі бір арақашықта, сонымен қатар жер жағдайын ескере отырып орналасқандығын көруге болады. Бүгінгі күнге дейін ескерткіштің осы түрлеріне кешенді зерттеу жұмыстары жүргізілмей келгендіктен, олардың тек көлемдік ерекшеліктері мен атқарған қызметі туралы алдын ала қорытындылар жасалып келді. Алып жатқан аумағы, яғни көлемі бойынша бірнеше топтарға бөлініп қарастырылғанымен, ескерткіштің нақты қай уақыттарда өмір сүргендігі, мәдени қабаты мен құрылысы толық зерттелмеген күйінде қалып келеді. Жалпы, өңірдегі орта ғасырлардағы (негізінен қарахандықтар дәуірі) қалалық мәдениетті терең түсіну үшін, сонымен қатар, төрткүлдердің мәдени қабаты мен стратиграфиясын толық ұғынып, өзіндік ерекшеліктері бойынша жүйелеу бүгінде өзекті болып табылады.

Сыртқы қабырғалары төртбұрышты келген төрткүл типтес ескерткіштердің көлемдері әртүрлі. Олардың кейбірі шағын қоныс түрінде болса, келесі бір тобы үлкен қала аумағындай көлемді алып жатыр. Дегенмен, жергілікті тұрғындардың басым бөлігі сыртқы келбетіне, яғни

төртбұрышты болып келгеніне қарап «төрткүл» деп атап кеткен. Олардың нақты құрылысы мен құрылымын тек қазба жұмыстары арқылы ғана анықтауға болады. Сондықтан, аталған мақаланың мақсаты Шу өңіріндегі төрткүлдердің мәдени қабаты мен қорғаныс құрылысының

стратиграфиясын анықтау негізінде жүргізілген археологиялық шурф-қазба және траншея-қазба жұмыстарының нәтижелерін ғылыми айналымға енгізу болып табылады.

### **Материалдар мен әдістер**

Төрткүлдердің құрылысы мен құрылымы көбінде бір-біріне ұқсас келгенімен, олардың қабырғаларының құрылысы (қалыңдығы мен биіктігі) мен ішкі жағындағы мәдени қабатының бар-жоғын жүргізілген қазба жұмыстары бойынша ажыратуға болады.

2018–2019 жылдары Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Шу археологиялық отряды (жетекшісі Е.Ш. Ақымбек) жоғарыда аталған мәселелерге байланысты Шу өңіріндегі ортағасырлық төрткүлдерге зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Археологиялық барлау, іздестіру барысында төрткүлдердің тарихи-топографиясы, орналасу ерекшеліктері, жалпы бүтінгі күнгі жай-күйі анықталып, үстіндегі археологиялық материалдар жиналып, оларға салыстырмалы талдау әдістері жасалды. Қазба жұмыстары бойынша ортасында мәдени қабаты бар ортағасырлық Шығыс Жіңішке, Кеңес, Қосқұдық, Жазық, Ынталы, Аққайнар, Маханды, төрткүлдеріне шурф салынса, ішкі бөлігінде мәдени қабаты байқалмайтын Ыстөбе, Танабай, Сарғау, Дөкей, Талдыбұлақ төрткүлдерінің қорғаныс қабырғасына траншея-кесік қазба жұмыстары жүргізілді. Шурф жұмыстары ескерткіштің құрылысын бүлдірмеу үшін сыртқы жалдарына жақын жерге 1х1 м көлемде жүргізілсе, тариншея қазба жұмыстары ескерткіштердің сыртқы қабырғаларын қиып өтпей, ашылған қабырғаны сол күйінде қалдырып, екі жағы табиғи жер деңгейіне дейін тазаланды. Көлемі жағынан үлкен келген әрі мәдени қабаты өте қалың және сыртын айнала біршама енді келген жал қоршап жатқан Қақпатас қаласының сыртқы қорғаныс қабырғасының тек жоғарғы жағына ғана кесік қазба салынды. Төрткүлдерге жүргізілген шурф және траншея жұмыстары арқылы стратиграфиясына, мәдени қабаты мен құрылысына, құрылыс материалдарына, қорғаныс жүйесіне және хронологиясына қатысты құнды материалдар алынды. Осы күнге дейін аталған осы төрткүлдерге ешқандай қазба жұмыстары жүргізілмеген. Тек Дөкей төрткүліне 1980 жылдардың аяғында барлау қазбасы салынған. Дегенмен, төрткүлдер туралы қысқаша сипаттама мәліметтер облыстық және аудандық тарих және мәдениет ескерткіштері жинағында жарияланған. Жазық, Талдыбұлақ төрткүлдері 2018-2019 жылдардағы барлау жұмыстары кезінде ашылды.

### **Талқылау**


Төрткүлдердің басым бөлігі қарахан мемлекеті тұсында пайда болып, дамыған. Тек Кеңес төрткүлінің орналасуы мен жоспарлануы ерекше және табылған материалдар өте ұсақ болғандықтан, мерзімін анықтау мүмкін болмады.

Төрткүлдердің стратиграфиялық құрылымы жөніндегі мәліметтерді А.Н. Бернштам (Бернштам, 1950: 7-9), П.Н. Кожемяко (Кожемяко, 1959: 131-167), М.Е. Елеуов (Елеуов, 1999: 170-176), Г.И. Пацевич (Пацевич, 1954: 294), К.М. Байпаков (Байпаков, 1978: 88-89), Ә.Х. Марғұлан (Марғұлан, 1978: 3-37), Д.Ф. Винник (Винник, 1967: 91-114), Е.Ш. Ақымбек (Ақымбек, Шагирбаев, 2019: 164-181), С.П. Толстов (Толстов, 1962: 276-278), Е.И. Агеева (Агеева, 1958: 68-69), Т.В. Савельева (Савельева, 1994: 110), Ә.Т. Төлеубаев (Төлеубаев, 2018: 178-194) және т.б. археолог ғалымдардың зерттеулерінен көруге болады.

Аталған авторлар Шудың жоғарғы және орта ағысы (қазіргі Қырғызстан территориясында), төменгі ағысы, Ыстықкөл аймағы, Іле өңірі, Орталық Қазақстан, Қаратау өңірі, Сырдарияның орта ағасы және Алакөл ойпатында орналасқан төрткүлдерге әртүрлі пішіндегі қазба жұмыстарын жүргізіп, жалпы стратиграфиялық құрылымы жөнінде ақпараттар алған.

## Нәтижелері

Шурф-қазба бойынша.Шығыс Жіңішке төрткүлі Жамбыл облысы Қордай ауданы Күнбатыс-2 ауылының батыс шетінде, осылай аталатын өзеннің оң жағалауындағы, шатқалдың аузындағы тау алды биік адырдың үстінде орналасқан (сур. 1). Төрткүлдің көлемі 75х75 м. Төрткүлдің оңтүстік-батыс бұрышына салынған шурфтың тереңдігі 1,4 м. Мәдени қабатының қалыңдығы 1,2 м. Төрткүл екі құрылыс кезеңінен тұрады. Төменгі құрылыс кезеңіндегі мәдени қабаттың қалыңдығы 0,5 м; жоғарғы құрылыс кезеңіндегі мәдени қабаттың қалыңдығы 0,7 м. Құрылыс материалдарына шикі кірпіш қолданылған. Мәдени қабаттың тафономиясы біркелкі жануар сүйектерінің (уақ мал) кездесуімен ерекшеленеді.




Сурет 1. Шығыс Жіңішке төрткүлі. Ғарыштан түсірілген суреті және шурф сызбасы

Кеңес төрткүлі Жамбыл облысы Қордай ауданы Өтеген батыр ауылынан 2,6 км шығыста, Шу өзенінің оң жағалауындағы тегістікте (1,6 км), бақша алқабының ортасында орналасқан (сур.

2). Көлемі: 150х130 м. Ескерткіштің шығыс жағына салынған шурфтың тереңдігі 0,85 м. Мәдени қабатының қалыңдығы 0,3-0,6 м. Мәдени қабатының құрылымында малта тастар жиі


кездеседі. Қазбаның астынан біркелкі сары топырақ шықты. Соған қарағанда ескерткіш табиғи төбеге немесе сары топырақ төселіп, үстіне құрылыс салынған болуы мүмкін. Мәдени қабаттың тафономиялық құрылымы біркелкі жануар сүйектері мен ұсақ керамикалардың ретсіз шашыраңқы орналасуымен ерекшеленеді. Археологиялық материалдар негізінен қазбаның төменгі қабатынан шықты.

Кеңес төрткүлінің құрылымы мен құрылысы, орналасу ерекшелігі айрықша. Жал болып жатқан қабырғалары қисық төртбұрышты келген ескерткіш орта ғасырларға жатқанымен, мәдени қабаты қай уақытқа жататындығын анықтау қиындық туғызады. Дегенмен, шурф салынған жерден шыққан жануарлар сүйегіне жасалған радиокөміртекті талдау жұмыстары б.з.д. XVII–XVI ғ.ғ. жататындығын көрсетті. Олай болса, қазба салынған орынның төменгі қабаты қола дәуіріне жатуы мүмкін.



Сурет 2. Кеңес төрткүлі. Ғарыштан түсірілген суреті және шурф сызбасы

Қосқұдық қаласы Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы Бірлік ауылынан 9 км оңтүстікте, Шу ауданы Ақтөбе ауылынан 17 км солтүстік-батыста, Қарақатты (Қорағаты) өзенінің Шу өзеніне құяр жеріне жақын, Шу өзенінен 4,5 км сол жағасындағы құмды алқапта орналасқан (сур. 3). Көлемі: 200х200 м. Ескерткіштің шығыс бөлігіне салынған шурфтың тереңдігі 1,35 м. Мәдени қабатының қалыңдығы 1 метрден асады. Төрткүлдің табанынан біркелкі сары топырақ шықты. Үлкен көлемде қазба болмағандықтан, сары топырақ қабаты қандай мақсатта қолданылғанын анықтау мүмкін болмады. Құрылыс материалының құрамы пақса және шикі кірпіштен тұрады. Тафономиялық құрылымында жануар сүйектері өте көп кездеседі. Археозоологиялық талдаулар үй жануарларымен қатар жабайы жануарлардың да сүйектері кездесетінін көрсетті.



Сурет 3. Қосқұдық төрткүлі (қаласы). Әуеден түсірілген суреті және шурф сызбасы

*Ынталы* төрткүлі Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы Жамбыл ауылынан 10,4 км солтүстікте, Ынталы шағын ауылынан 9 км шығыста, Шудың ескі арналарының бірінің оң жағалауындағы құмды жерде орналасқан. Төрткүл екі бөліктен тұрады, жалпы көлемі: 125x80 м. Батысындағы үлкендеу бөлігінің шығыс жағына салынған шурф бойынша мәдени қабатының қалыңдығы 0,65 м. Мәдени қабатының қалыңдығы шурфтың қабатындағы тафаномиялық ерекшеліктерге сәйкес 0,4-0,5 м аспайды. Тафаномиялық құрылымы жануар сүйектері мен керамика аралас келеді. Жануар сүйектерінің ішінде уақ малдың сүйегі басым. Қазба барысында құрылыс іздері байқалған жоқ. Шамасы негізгі құрылыстар сыртқы бекініс қабырғаны бойлай немесе орта жағында орналасқан болса керек.

*Аққайнар* төрткүлі Жамбыл облысы Меркі ауылы, Аққайнар ауылының батыс жақ шетінде, Т. Рысқұлов көшесі 58, 60, 62 үйлердің бақшасының аяғында, Алатаудың тауалды тегістігінде орналасқан (сур. 4). Көлемі: 75x75 м. Төрткүлдің солтүстік-шығыс бөлігіне таман салынған шурфтың тереңдігі 0,8 м. Қазба барысында ешқандай құрылыс ізі анықталған жоқ. Бірақ шурфтан бір ғана керамика сынығы табылды. Шурфтың құрылымы бірыңғай нығыздалған сары топырақтан тұрады. Біздің ойымызша төрткүлдің беткі қабатының мәдени қабаты бақша шаруашылығының әсерінен жыртылып жоғалған. Төрткүлдің ішінде ұзақ уақыт су тұрғандықтан, төменгі қабаттары диффузияға ұшырап, бүлінген.



Сурет 4. Аққайнар төрткүлі. Әуеден түсірілген суреті


*Маханды* төрткүлі (қаласы) Жамбыл облысы Меркі ауданы Мыңқазан ауылының шетінен 1,4 км солтүстік-шығыста, Маханды өзенінің сол жағалауында, қамысты жерде орналасқан (сур. 5). Көлем: 100x100 м. Оңтүстік жағына салынған шурфтың тереңдігі 1,35 м. Мәдени қабатының қалыңдығы 1,2 м құрайды. Төрткүл екі құрылыс кезеңінен тұрады. Төменгі мәдени қабаты күл аралас топырақтан тұрады. Екінші құрылыс кезеңіне жақын биіктіктен өртенген қабат анықталды.

Екінші құрылыс кезеңінің құрылымы құланды топырақтан тұрады. Табиғи жердің бетіне сары топырақ тапталып, төселген. Біздің ойымызша төрткүлдің бірінші құрылыс кезеңі өрттің әсерінен қираған секілді.



Сурет 5. Маханды төрткүлі. Әуеден түсірілген суреті және шурф сызбасы

Жазық төрткүлі Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы Жамбыл ауылынан солтүстік-шығыста 9 км жерде, Шу өзенінің ескі арналары бірінің оң жағында орналасқан (сур. 6). Көлемі: 75х75 м. Төрткүлдің солтүстік жағына салынған шурфтың тереңдігі 1 м, мәдени қабатының қалыңдығы 0,4-0,5 м. Құрылыс материалына пақса блоктары қолданылғанға ұқсайды. Тафономиялық құрылымында керамика сынықтары мен аздаған жануар сүйектері кездеседі. Мәдени қабатының бетін 0,15-0,25 м қалыңдықта құмды топырақ басып қалған.




Сурет 6. Жазық төрткүлі. Әуеден түсірілген суреті және шурф сызбасы

#### Траншея-қазба бойынша

Ыстөбе Жамбыл облысы Қордай ауданы Ауқатты ауылының солтүстік-батыс шетіндегі ортағасырлық Қысмышы қаласының орталық бөлігінен 3,2 км солтүстік-батыста, Шу өзенінің


(1,9 км) оң жағалауындағы тепсеңнің (терасса) басталар ұшында орналасқан (сур. 7). Көлемі: 65х65-75 м. Төрткүлдің солтүстік-батыс бөлігіндегі қалыңдығы 14 м, биіктігі 2,3 м (осы тұсындағы) қабырасына ұзындығы 14 м, ені 0,5 м траншея-қазба салынды. Ашылған қорғаныс қабырғасының қалыңдығы 6 м, сақталған биіктігі 2,2 м. Стратиграфиялық құрылымы қабырғаның төменгі қабатына топырақтан платформа жасап, үстінен пақсадан қабырға тұрғызғанын көрсетті. Қабырғаның ішкі жағының, қабырға түбіндегі мәдени қабаты 1 м жетеді. Мәдени қабатының құрылымында күл аралас топырақ басым. Ескерткіштің орталығынан мәдени қабат байқалмайды. Соған қарағанда төрткүл қорғаныс мақсатында салынуы мүмкін.



Сурет 7. Ыстөбе төрткүлі. Ғарыштан түсірілген суреті және траншея сызбасы


Қақпатас қаласы Жамбыл облысы Қордай ауданы Қақпатас ауылынан 5,5 км оңтүстік-шығыста, Шу өзенінің оң жағасындағы (0,6 км) тегістікте, егістік алқабының ортасында

орналасқан (сур. 8). Көлемі: 200х160 м. Оңтүстік қабырға жалының үстіңгі жағына ұзындығы 13 м, тереңдігі 1,6 м дейін тазалау жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде ескерткіштің 9 м қалыңдықтағы қорғаныс қабырғасының 1,5 м биіктегі беткі қабаты ашылды. Сыртқы қабырғаның стратиграфиясы төмен қарай қалындай беретінін көрсетті. Ішкі бөлігінің мәдени қабатында күл аралас топырақ басым. Қабырға құрылысына да әртүрлі көлемдегі пақса блоктары пайдаланылған. Стратиграфиялық құрылымы қамал қабырғаның бірнеше рет қайта тұрғызылғанын және ішкі бөлігінде контрфорс секілді қосымша тіреуіш құрылысы болғанын көрсетті.



Сурет 8. Қақпатас төрткүлі (қаласы). Ғарыштан түсірілген суреті және траншея сызбасы

Танабай төрткүлі Жамбыл облысы Шу ауданы Ақсу ауылынан 5,5 км шығыста, Шу өзенінің сол жағындағы тепсеңнің үстінде орналасқан (сур. 9). Ақсу-Оразалы батыр ауылдары аралығындағы автомобиль жолы ортасынан өткен. Жолдың екі жағында да, ескерткіштің үсті егістік алқабына айналған. Көлемі: 160х160 м. Солтүстік-шығыс қабырғасына салынған ұзындығы 12,5 м тереңдігі 1,5-2 м кесік-қазбадан төрткүлдің қабырғасының жойылып кеткені анықталды. Дегенмен стратиграфиялық құрылымы ескерткіштің қабырғасына пақса блокторын және шикі кірпішті пайдаланғанын және мәдени қабатының қалыңдығы 0,6 м болатыны белгілі болды.




Сурет 9. Танабай төрткүлі. Ғарыштан түсірілген суреті және траншея сызбасы

Сарғау төрткүлі Жамбыл облысы Шу ауданы Оразалы батыр ауылынан 2,8 км оңтүстікте, Шу өзеніне құятын Сарғау (Шорго) өзенінің оң жағалауында, ауылға тартылған каналдың оң жағасында орналасқан (сур. 10). Көлемі: 60х60 м. Төрткүлдің батыс жағына салынған ұзындығы 12,4 м, ені 0,5 м, тереңдігі 0,5-0,9 м болатын траншея-қазба төрткүлдің құрылысы жойылғанын көрсетті. Дегенмен, мәдени қабатының қалыңдығы 0,55 м құрайды. Құрылысқа пақса блоктары қолданылған.




Сурет 10. Сарғау төрткүлі. Әуеден түсірілген суреті және траншея сызбасы

Дөкей төрткүлі Жамбыл облысы Меркі ауылы Сұрат ауылынан 4 км оңтүстікте, Сұрат шатқалының аузында, өзеннің сол жақ тепсеңінде орналасқан (сур. 11). Төрткүлдің оңтүстік-батыс қабырғасына ұзындығы 10,6 м, ені 5 м болатын қазба 0,5-0,75 м тереңдікке дейін қазылды. Нәтижесінде қалыңдығы 3,4 м, сақталған биіктігі 0,55 м сыртқы қабырғасы ашылды. Қабырғаның ішкі бөлігіндегі қазбаны тереңдету барысында ешқандай құрылыс белгілері жоқ екендігі белгілі болды. Құрылыс материалы ретінде пакса блоктары қолданылған. Бірақ қазба барысында түрлі өлшемдегі тастар табылды.



Сурет 11. Дөкей төрткүлі. Әуеден түсірілген суреті және траншея сызбасы

Талдыбұлақ төрткүлі Жамбыл облысы Меркі ауданы Талдыбұлақ ауылынан 3 км оңтүстік-батыста, шатқалдың аузына жақын, өзеннің сол жағындағы тау алды биік адырдың үстінде орналасқан (сур. 12). Солтүстігінде алқапты көзің жеткен жерге дейін көруге болады. Көлемі. 43x40 м. Қазба солтүстік-шығыс қабырғасының орта тұсына жүргізілді. Ұзындығы 7,75 м, ені 0,5 м болатын траншея 0,2-0,8 м тереңдікке дейін қазылды. Нәтижесінде қорғаныс қабырғасының қалыңдығы 3,3 м, сақталған биіктігі 0,5 м екендігі анықталды. Мәдени қабатының қалыңдығы 0,8 м. Мәдени қабатының құрылымында 0,15-0,25 м күл аралас топырақ қабаты кездеседі. Құрылысқа пакса блоктары қолданылған. Төрткүлден археологиялық бұйымдар шыққан жоқ, тек жануарлардың сүйегі ғана табылды. Сондықтан, нақты қай уақытта өмір сүргенін анықтау мүмкін болмады.



Сурет 12. Талдыбұлақ төрткүлі. Әуеден түсірілген суреті және траншея сызбасы

Шу өңіріндегі төрткүлдердің стратиграфиялық құрылымын, мәдени қабаты және құрылыс материалдарын анықтау мақсатында жүргізілген шурф-қазба және траншея-қазба жұмыстары төрткүлдердің мәдени қабатының біркелкі еместігін көрсетіп отыр. Төрткүлдердің бірқатарының табанына сары топырақтың төселуінде белгілі заңдылықтар бар секілді. Құрылыстың алғашқы кезеңінде бұл ерекшеліктер көбіне өзен арналарына жақын орналасқан төрткүлдерде жиі байқалады. Төрткүлдердің мәдени қабаты 0,3 метрден 1,5 метрге дейін жететіні анықталды. Төрткүлдердің орташа мәдени қабаты 0,85 м құрайды. Кейбір төрткүлдердің мәдени қабатының анықталмауын, тұрғын-жайлардың қорғаныс қабырғаны бойлай немесе қабырғаның бір бөлігінде ғана орналасуымен түсіндіреміз. Сыртқы қорғаныс қабырғаларының орташа қалыңдықтары 3,2 м құрайды.

Шу өңірінен басқа аймақтарда кездесетін төрткүлдердің стратиграфиялық құрылымы көп ерекшелене қоймайды. Зерттеу жұмысы барысында анықталғандай, Іле өңіріндегі төрткүлдердің мәдени қабатының орташа қалыңдығы 1,2 м құрайды (Савельева, 1994: 110). Алакөл өңіріндегі төрткүлдердің мәдени қабатының орташа қалыңдығы 0,9 м құрайды (Төлеубаев, 2018: 178-194). Шудың жоғарғы ағысы, қазіргі Қырғызстан территориясындағы төрткүлдердің мәдени қабатының орташа қалыңдығы 1,1 м құрайды (Кожемяко, 1959: 131-167). Ыстық көл маңындағы

төрткүлдердің мәдени қабатының орташа қалыңдығы 0,9 м құрайды (Винник, 1967: 91-114). Талас өңіріндегі төрткүлдердің мәдени қабаты 0,8-1,5 м аралығында ауытқиды (Елеуов, 1999: 170-176). Орталық Қазақстан өңіріндегі төрткүлдердің мәдени қабаты 0,2-1,1 м аралығында ауытқиды (Маргулан, 1978: 3-37). Тыва жеріндегі төрткүл типтес ескерткіштердің мәдени қабаты 0,3-0,9 м аралығында (Тулуш, 2011: 39-44). Қара теңіз жағалауындағы төрткүл типтес ескерткіштердің мәдени қабатының қалыңдығы 0,3-0,7 м аралығында ауытқиды (Плетнева, 1967: 23-25).

### Қорытынды

Зерттеу жұмысы көрсетіп отырғандай ортағасырлық төрткүлдердің территориялық орналасуы әртүрлі болғанымен, мәдени қабатының стратиграфиялық құрылымы бір-біріне ұқсас. Төрткүлдердің басым бөлігінің мәдени қабатының қалыңдығы 1 метрден аспайды. Сыртқы қорғаныс қабырғасының қалыңдықтары да 2,3-3,5 аралығында болуы жиі байқалады. Төрткүлдердің басым бөлігі бір құрылыс кезеңінен тұрады. Сирек жағдайда, оның ішінде үлкен қалалардың маңайына топтасқан төрткүлдерде және керуен жолдарының бойында орналасқан төрткүлдерде екі құрылыс кезеңі кездеседі. Құрылыс материалдарының негізін пақса блоктары және шикі кірпіш құрайды. Кейбір төрткүлдердің стратиграфиялық құрылымында өрттің болғанын дәлелдейтін белгілер бар. Шу өңіріндегі төрткүлдердің стратиграфиясын анықтау мақсатында салынған қазба жұмыстары, төрткүлдердің бірқатарында үй-жайларға арналған құрылыстардың сыртқы қорғаныс қабырғаны бойлай орналасатынын көрсетіп отыр. Келешекте Шу өңіріндегі төрткүлдерді кешенді зерттеу орта ғасырлардағы саяси-экономикалық жағдайды, яғни аймақтағы қалалық мәдениеттің ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік туғызады.

### ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- Агеева Е.И., Пацевич Г.И. (). Из историй оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Тр.ИИАЭ. Археология. АН КазССР. – Алма-Ата, 1958. – Т.5. – 215 с.
- Ақымбек Е.Ш., Шагирбаев М.С. Ортағасырлық төрткүлдердің құрылымы мен құрылысы // «Ұлы Даланың жеті қыры және Еуразия археологиясы мен этнологиясының өзекті мәселелері» атты «ХІ Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / Жауапты ред. Ә.Т. Төлеубаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 518 б.
- Байпаков К.М. Городища типа «тортуль» // Археологические памятники Казахстана. – Алма-Ата, Наука, 1978. – С. 80-96.
- Бернштам А.Н. «Чуйская долина». – Труды Семиреченской археологической экспедиции. Изд-во АН СССР. – Москва-Ленинград, 1950. – 249 с.
- Винник Д.Ф. К исторической топографии средневековых поселений Иссык-Кульской котловины // Древняя и раннесредневековая культура Киргизстана. – Изд-во: «Илим». – Фрунзе, 1967. – 133с.
- Елеуов М. Шу-Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары мен мекендері (VI–XIII ғ. басы): тарих ғыл. докторы ... дис. – Алматы, 1999. – 360 б.
- Кожемяко П.Н. Раннесредневековые города и поселения Чуйской долины. – Фрунзе: АН Киргизской ССР, 1959. – 188 с.
- Маргулан А.Х. (). Остатки оседлых поселений в Центральном Казахстане // Археологические памятники Казахстана. – Алма-Ата: «Наука» АН КазССР, 1978. – С. 3-37.
- Пацевич Г.И. Историческая топография городов и поселений Южного Казахстана VII-XV вв. н.э. (по данным археологии). Дис.... канд. ист. наук. – Москва, 1954. – 410 с.
- Плетнева С.А. От кочевой к городам (Салтово-маяцкая культура). – Москва: «Наука», 1967. – 209 с.
- Савельева Т.В. Оседлая культура северных склонов Заилийского Алатау VIII-XIII вв. – Алматы: «Ғылым», 1994. – 216 с.
- Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. – Москва: «Восточной литературы», 1962. – 333 с.
- Төлеубаев Ә.Т., Шагирбаев М.С. Алакөл ойпатындағы ортағасырлық қалалар (топографиясы, типологиясы және генезисі мәселелері). // «Қазақстан мен іргелес елдердің тарихи-мәдени мұрасын зерттеудегі заманауи әдістер мен тұрғылар» атты «IX Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / жауапты ред. Ғ.Қ. Омаров. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 507 б.
- Тулуш Д.К. (). Средневековые городища-крепости Тувы // Вестник КемГУ. 2011. № 2 (46). – С. 39-44.

## REFERENCES

- Ageeva E.I., Patsevich G.I. Iz istorii osedlykh poselenii i gorodov I'ynogo Kazakhstana [From the stories of settled settlements and cities of Southern Kazakhstan] *Proceedings of the Institute of the History of Archeology of Ethnology*. Archeology. Academy of Sciences of the Kazakh SSR. – Alma-Ata, 1958. – T.5. – 215 p. [in Russian].
